


берілгендері бойынша, бұл жылдамдық клесідей болады (км/с): шөгінді қабатта – 2,2-2,8; гранитте – 5,5-6,0; базальтта – 6,4-7,4; жоғарғы мантияда – 7,7-8,6: (Осы әртүрлі қабықтар мен Жер нүктесіндегі сейсмикалық толқындардың таралу жылдамдығының өте анықтылық өзгешелігі арқасында барлық жер қыртыстарының қабықтарындағы қуаттардың өзгерісін бақылаудың дәлдігі анықталды). Құрлықтың және мұхиттың қабықтары құрылымдарының айырмашылығы генетикалық өзгешеліктің нәтижесі болып келеді.

Мұхит түбінің тереңдігі күрделі құрылымды болып келеді, онда келесі морфологиялық элементтер ерекшелінеді (1.1- сурет).

Құрлық

Мұхит



**1.1 - сурет.** Шельфтің геоморфологиялық сұлбасы.

- *континентті шельф* – 250-270 м тереңдікте 60 млн.км<sup>2</sup> теңіз алқабын құрайды; орта еңкіштігі – 1,5-2,0 м-ден 1 км-ге дейін;

- *континентті еңіс* – 250-2500 м тереңдікте, 40 млн.км<sup>2</sup> теңіз алқабын құрайды;

- *мұхит түбі* – 4000-4500 м тереңдікте, 250 млн. км<sup>2</sup> теңіз алқабын құрайды;

- *тереңсулы құламалар* – көлемдегі терең жарылымдар орта есеппен 6100м 11 км<sup>2</sup> теңіз алқабын құрайды.

Акваторияның экологиялық шекарасында сыртқы орта факторлары қалыптасқан: температура, қысым, газ режимі, жарықтандыру, рельеф, жағалаудан қашықтығы.

Шельф шөгінді немесе магмалық және метаморфтық жыныстардан құралған. Оның орташа көлемі – 60-65 км, тереңдігі – 130 м; Баренцев теңізінің көлемі – 1100 км, тереңдігі – 230м.

**1.1-кесте.** Мұнай және газды барлау мен өндіру жұмыстары жүріп жатқан теңіздердің орташа тереңдіктері